Бекітемін
«Іляс Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор,
профессор
__________ Е.Бурибаев
«04» __________2025 ж.

# ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
# ІНҚ-ZU-16-01

| | Лауазымы | Аты-жөні | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|---|
| **Әзірлеген** | Ғылым және коммерциаландыру департаментінің директоры | Л.Карашолакова | 04.11.25 | |
| | Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімінің басшысы м.а. | Б.Оксикбаев | 04.11.25 | |
| **Келісілді** | Басқарма мүшесі - ғылыми Жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор | А.Бахтаулова | 04.11.25 | |
| | Стратегиялык даму жане сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы | А.Беделбаева | 04.11.25 | |
| | Заң қызметінің бас заңгері | А.Искаков | 04.11.25 | |
| Басқарма отырысының 2025 жылғы «04» 11 __________ шешімімен қолданысқа енгізілді (№ 3 хаттама) | | | | |

Талдықорган қ., 2025

# МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ


1 Қолдану саласы....3
2 Нормативтік сілтемелер....3
3 Белгілер мен қысқартулар....3
4 Рәсімдердің сипаттамасы....4
5 Жұмысты ұйымдастыру .... 6
6 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары.... 6
7 Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары.... 8
8 Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстары.... 9
9 Жоспарлау және есеп беру.... 10
10 Өзгерістер.... 10
Қосымша А Ғылыми еңбектер тізімі....11
Қосымша Б Бітірілген ғылыми-зерттеу жұмысының (кезеңінің)/даярламаның оқу процесіне енгізілгені туралы акт....12
Қосымша В Факультет/университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жоспар/есеп нысаны....13
Қосымша Г Студенттердің факультет/университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жоспар/есеп нысаны....23

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Ереже І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау тәртібін және оған қойылатын жалпы талаптарды айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Осы ереже ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қойылатын талаптарды қамтиды, оны университеттің барлық бөлімшелері қолданады.

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Нұсқаулықта келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 шілдеде тіркелді | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің Мемлекеттік жалпы міндетті стандарты туралы. |
| Қазақстан Республикасы Заң шығарушы органының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 5 тамызда тіркелді | Білім туралы. |
| Қазақстан Республикасы Заң шығарушы органының 2025 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 10 шілдеде тіркелді | Ғылым және технологиялық саясат туралы. |
| Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылғы 10 сәуірде тіркелді | Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереже. |
| IНҚ-ZU | «І.Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті» КЕ АҚ ішкі нормативті құжаттар |

## 3 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылды:

| | |
|---|---|
| Университет | Жетісу университеті атындағы Ілияс Жансүгіровтың ұлттық ғылыми кәсіптік акционерлік қоғамы (НАО «Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова») |
| ҒЗЖ | Ғылыми-зерттеу жұмысы |
| СҒЗЖ | Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы |
| МҒЗЖ | Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы |
| ДҒЗЖ | Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы |
| СҒҚ | Студенттік ғылыми қоғам |
| ПОҚ | Профессор-оқытушылар құрамы |
| ЖЖООКБМЖМС | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты |
| ҒжКД | Ғылым және коммерцияландыру департаменті |
| ҒжҒКДБ | Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі |
| ЖО | Жобалық офис |

# 4 РӘСІМДЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

Бұл Ереже ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді коммерцияландыру процесіне қатысушылардың негізгі қағидаттарын, тәртібін, құқықтары мен міндеттерін регламенттейді. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді коммерцияландыру университеттің ғылыми қызметінің маңызды бөлігі болып табылады және инновациялық әлеуетті арттыруға бағытталған.

Осы Ережеде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2024 жылғы 27 тамыздағы № 419 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен бірге), 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына (2024 жылғы 1 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтыруларымен бірге), 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҒЖБМ) нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережеге (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2024 жылғы 29 тамыздағы № 425 бұйрығына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен бірге) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100006929 сілтемесі, университеттің ішкі нормативтік құжаттары: ІНҚ-ZU-03-01 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ Әдеп жөніндегі кеңесі туралы ереже, ІНҚ-ZU-09-02 магистрлік диссертация/жоба туралы ереже, ІНҚ-ZU-09 -07 докторлық диссертацияны дайындау тәртібі туралы ереже, ІНҚ-ZU-16-04 жас ғалымдар кеңесі туралы ереже, ІНҚ-ZU-16-06 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті»КЕАҚ жанындағы диссертациялық кеңестер туралы ереже, ІНҚ-ZU-17-01 Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Jas ğalym» жас ғалымдардың ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы туралы ереже, ІНҚ-ZU-17-02 жас ғалымдардың инновациялық идеялары мен жобаларының Startup конкурсын өткізу туралы ережеге сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады..

4.2 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде төмендегідей терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

| | |
|---|---|
| **Ғылым** | Адам әрекетінің табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, шындық туралы объективті білімді өндіру және теориялық жүйелеу, табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану мен қоғамды тиімді басқару мақсатындағы саласы. |
| **Ғылыми-зерттеу қызметі** | Зерттелетін объектілерге, құбылыстарға (үдерістерге) тән ерекшеліктерді, заңдылықтар мен заңдарды анықтау және алынған білімді практикада қолдану мақсатында қоршаған шындықты зерделеумен байланысты қызмет түрі. |
| **Ғылыми-техникалық қызмет** | Ғылым, техника және өндірістің бірыңғай жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және басқа да мәселелерді шешу үшін жаңа білім алу мен қолдануға бағытталған қызмет. |
| **Негізгі ғылыми зерттеулер** | Табиғаттың, қоғамның, адамның дамуы мен олардың өзара байланыстарының негізгі заңдылықтары туралы жаңа білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік интеллектуалдық қызмет. |
| **Қолданбалы ғылыми зерттеулер** | Практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алу мен оны қолдануға бағытталған қызмет. |
| **Эксперименттік әзірлемелер** | Ғылыми зерттеулер нәтижесінде немесе практикалық тәжірибеге негізделген білімге сүйене отырып, адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, жаңа материалдар, өнімдер, үдерістер, құрылғылар, қызметтер, жүйелер немесе әдістер жасау және оларды одан әрі жетілдіруге бағытталған қызмет. |
| **Ғылыми және** | Жаңа білімді немесе жаңа шешімдерді қамтитын, кез келген ақпарат |

| | |
|---|---|
| **(немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі** | тасымалдаушыда тіркелген және қолдануға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нысандандырылған нәтижесі. |
| **Инновациялық қызмет** | Жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологияларды және өнім түрлерін өндіріске және қоғамды басқару салаларына енгізуге бағытталған, нәтижелері экономикалық өсім мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын қызмет. |
| **Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілері** | Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар. |
| **Ғылым докторы** | Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы диссертациялық кеңестің диссертацияны көпшілік алдында қорғағаннан кейінгі шешімінің негізінде беретін ғылыми дәреже, соискатель ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болуы тиіс. |
| **Философия докторы (PhD)** | Диссертацияны көпшілік алдында қорғаудың негізінде уәкілетті орган беретін ғылыми дәреже, әдетте, соискатель магистр академиялық дәрежесіне немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болуы тиіс. |
| **Ғылым кандидаты** | Жоғары арнайы білім немесе магистр академиялық дәрежесі бар соискательдің диссертацияны көпшілік алдында қорғау нәтижесінде диссертациялық кеңес беретін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы бекітетін ғылыми дәреже. |
| Диссертация | Белгілі бір ғылым саласының нақты мамандығы бойынша соискательдің өз бетінше немесе ғылыми жетекшілікпен дайындаған біліктілік ғылыми жұмысы. |
| **Өтінім** | Гранттық қаржыландыру алу үшін конкурсқа үміткер тиісті түрде ресімдеп берген ұсынысы. |
| Грант | Ғылыми зерттеулер жүргізу үшін тараптар арасында жасалған шартта көзделген шарттармен өтеусіз және қайтарымсыз түрде берілетін бюджет қаражаты және (немесе) бюджеттен тыс қаражат. |
| **Грант беруші** | Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері;<br>Жеке кәсіпкерлік субъектілері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар;<br>Стартап-компаниялар;<br>Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға инвестиция салатын жеке немесе заңды тұлғалар. |
| Грант алушы | Гранттар бойынша конкурс іріктеуінен сәтті өткен және Грант туралы келісімге қол қойған өтінім беруші. |
| Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру | Табыстылыққа бағытталған, тауарларды, үдерістерді және қызметтерді нарыққа шығару мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін, оның ішінде зияткерлік қызмет нәтижелерін практикада қолданумен байланысты қызмет. |
| Патент | Белгілі бір әрекетті орындаудың жаңа тәсілін немесе белгілі бір техникалық міндетті шешудің жаңа техникалық шешімін ұсынатын бұйымға немесе үдерісіне берілетін айрықша құқық. |
| Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама | Ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды мәселелері бойынша шешімдер қабылдау деңгейін айқындау мақсатында сараптама объектісіне тәуелсіз талдамалық баға алу үшін уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдастыратын бағалау әрекеттері мен қорытындылар жүйесі. |

## 5 ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1 Университеттің ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы негізгі функциялары мен міндеттері:

- инновациялық бағыттар бойынша іргелі, қолданбалы, ізденіс (инициативалық) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу;
- ғылыми зерттеулер және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың шығармашылық қызметі арқылы жаңа білім алу;
- жоғары білім беруді дамытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу және әзірлеу;
- университеттің оқу үдерісіне инновациялық оқыту технологияларын әзірлеу және енгізу;
- ғылыми зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне және өндіріске енгізу;
- университеттің ғылыми мектептерін қалыптастыру және дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарына ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім алушыларды белсенді тарту;
- тартылған қаражат пен инновациялық қызмет есебінен зерттеулер мен әзірлемелердің қаржылық негізін кеңейту;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және басқару;
- ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруға бағытталған келешегі бар инновациялық жоба түрінде «қаптау»;
- технологияларды өндіріске енгізу сатысында коммерцияландыру жобаларын басқару.

5.2 Университеттің ғылыми қызметі мамандарды даярлау үдерісінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Оқу және ғылыми үдерістердің бірлігі келесі жолдармен қамтамасыз етіледі:

студенттерді ҚР республикалық бюджеті, басқа да бюджеттер мен бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен орындалатын ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық жұмыстарға қатыстыру;

ғылыми және ғылыми-өндірістік бөлімшелер базасында белсенді оқу жұмысының түрлі формаларын, дипломдық және курстық жобалауды, оқу және өндірістік тәжірибені, студенттерді мақсатты даярлауды және мамандар даярлаудың басқа да түрлерін өткізу;

оқу және ғылыми үдерістерді компьютерлендіру, бірыңғай ақпараттық ортаны қалыптастыру және студенттердің қазіргі заманғы информатика әдістері мен құралдарын меңгеруі.

5.3 Негізгі ғылыми қызмет факультеттер мен университеттің ғылыми бөлімшелерінде (зертханалар, орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары) жүзеге асырылады. Ғылыми-зерттеу қызметінің үйлестіруін факультеттердің жоспарлары негізінде Ғылым және коммерцияландыру департаменті (бұдан әрі – ҒКД) жүзеге асырады.

5.4 Ғылыми кеңес жыл сайын алдыңғы жылдармен салыстыра отырып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарларының орындалу нәтижелерін қарайды және ең өзекті әрі перспективалық зерттеу бағыттарын дамыту, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге нақты үлес қоспайтын ғылыми жұмыстарды тоқтату туралы шешімдер қабылдайды.

5.5 Университеттің зерттеу және әзірлеме нәтижелерін танымал ету үшін ҒКД келесі жұмыстарды ұйымдастырады:

халықаралық, республикалық, салалық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік, коммерциялық және басқа да конференциялар мен көрмелерге қатысу жұмыстарын;

ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми әзірлемелер нәтижелерін коммерцияландыру бойынша оқыту семинарларын.

## 6 ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

6.1 Іргелі, қолданбалы, ізденіс (бастамашылық) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, соның ішінде инновациялық бағыттар бойынша жүргізу;

6.2 Тапсырыс бойынша, сыртқы ұйымдармен келісімшарт негізінде ғылыми зерттеулер жүргізу;

6.3 Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру;

6.4 Оқу процесі мен өндіріске ғылыми зерттеулер нәтижелері мен инновациялық оқыту

технологияларын әзірлеу және енгізу;

6.5 Зерттеу қызметінің инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру тетігін жасау және енгізу;

6.6 Зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігін және авторлық құқықтарын қорғау.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері мазмұнына қарай мыналар болуы мүмкін:

- жаңа теориялық тұжырымдар, жалпылаулар;
- жаңа әдістер мен зерттеу әдістемелері;
- заманауи аппаратура мен соңғы үлгідегі аспаптарды қолдану;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерінің нақты салаларда практикалық түрде енгізілуі (патенттер, енгізу актілері, авторлық куәліктер, бағдарламалық өнімдер және т.б.) және басқа да ғылыми жетістіктер.

6.7 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) мен құрылымдық бөлімшелердің басқа қызметкерлері (ғылыми-зерттеу институты, ғылыми орталықтар, зертханалар) негізгі жұмыс бойынша жоспарланған тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, олар қосымша жұмыс ретінде ҒЗЖ-ға қатысуға жіберілмейді.

6.8 Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары профессор-оқытушылар құрамымен және ғылыми бөлімшелер қызметкерлерімен жеке жоспарлар бойынша негізгі жұмыс уақытында орындалады. Профессор-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлер, басқарушы және басқа да қызметкерлер ҒЗЖ-ға қосымша жұмыс ретінде тек негізгі жұмыс уақытынан тыс уақытта тартыла алады.

6.9 ҒЗЖ әзірлеу және орындау оқу кафедралары, ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары базасында және Университет пен Тапсырыс берушілер арасындағы келісімшарттар негізінде жүзеге асырылады.

6.10 Қосымша жұмыс ретінде ғылыми-зерттеу жұмысын орындау кезеңінде еңбек шарты жасалады. ҚР Еңбек кодексінің 71-бабының 4-тармағына және 68-бабының 3-тармағына сәйкес, академиялық және ғылыми-зерттеу қызметі шеңберінде Жұмыскердің күнделікті жұмысының жиынтық ұзақтығы заңмен белгіленген нормадан — күніне 12 (он екі) сағаттан аспауы тиіс.

6.11 Ғылыми-зерттеу (жоба) жұмыстарын орындағаны үшін төлем мөлшерін жобаның жетекшісі штаттық кестеге сәйкес орындаушылардың біліктілігіне, функционалдық міндеттеріне және жұмыс көлеміне байланысты белгілейді. Бұл ретте ғылыми қызмет бойынша лауазымдық ақы мөлшері белгіленген ең жоғары шекті көрсеткіштерден аспауы тиіс. Ғылыми жобаларды орындаушылардың лауазымдары бойынша ең жоғары шекті көрсеткіштер Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

6.12 ҒЗЖ орындау жүйесіндегі негізгі буын – зерттеу тобының мүшелері (бұдан әрі – ЗТМ) болып табылатын ғылыми ұжым. Оларды ғылыми жетекші басқарады. Ғылыми жетекші келесі үшін жауапты:

- жүргізілетін зерттеулердің өзектілігін сақтау;
- зерттеулердің белгіленген көлемде орындалуын қамтамасыз ету;
- күнтізбелік жоспарлар мен негізгі кезеңдер мен жұмыстардың жалпы орындалу мерзімдерінің сақталуы;
- ҒЗЖ көлемдері мен мерзімдерін түзетудің негізділігі: гранттық қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдалану үшін жоба немесе бағдарлама жетекшісі мен өтінім беруші ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады; шығындар сметасына түзетулер енгізу Басқарма Төрағасы – Ректор атына негіздеме мен ұсыным негізінде жүзеге асырылады;
- университет басшылығына және жоғары тұрған мемлекеттік органдарға ұсынылатын ғылыми жобалар/бағдарламалар шеңберіндегі зерттеулер туралы ақпараттың шынайылығы;
- аяқталған жұмыстарды немесе олардың негізгі кезеңдерін қарастыруды (рецензиялау, сараптау) ұйымдастыру;
- ғылыми қызметкерлердің жұмыс уақытын мақсатты және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету;
- ҒЗЖ орындалуы туралы есептің мазмұны, уақтылығы және толықтығы. Есепте жарияланымдардың атаулары, көлемі, нөмірлері, даталары мен басылым атаулары, баяндамалар

мен хабарламалар атаулары және орындалған ҒЗЖ-ға қатысты өзге де мәліметтер нақты әрі қысқаша көрсетілуі тиіс. Қаржы-экономикалық бөлім ҒЗЖ қаржыландыруына байланысты бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бөлек жүргізеді. Университеттің заңгері ғылыми және инновациялық қызметке құқықтық сүйемелдеу жүргізеді.

6.13 Университет пен Тапсырыс беруші арасындағы келісімшарттарға (техникалық тапсырмаларға, сипаттамаларға) сәйкес белгіленген кезеңдер, көлемдер, мерзімдер және нәтижелерді ұсыну формасы көрсетілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми есеп немесе монография түрінде рәсімделеді және олар ПОҚ, ӘБҚ, УБҚ қызметін бағалау, конкурс арқылы лауазымдарға тағайындау, аттестациядан өткізу кезінде есепке алынады.

6.14 ҒЗЖ бойынша есептерді ресімдеу келісімшарт талаптарына сәйкес уақтылы жүргізілуі тиіс және тапсырыс берушілердің талаптарына сәйкес ресімделуі керек. Есептерде көрсетілген деректердің дұрыстығына, жобалар мен бағдарламалардың қаржылық және ғылыми мазмұнына ҒЗЖ ғылыми жетекшісі жауап береді.

6.15 Орындаушы (аралық, қорытынды) және аяқталған ашық (құпия емес) ҒЗЖ-ны мемлекеттік тіркеуді және есепке алуды «Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (бұдан әрі – ҰҒТСО) жүзеге асырады.

6.16 Ғылым және коммерцияландыру департаменті ҚР ҒЖБМ және өзге де ұйымдардың гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы бойынша ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіреді; конкурстарға өтінім беру кезінде кеңес беру және ақпараттық қолдау көрсетеді; ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды және Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері (ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобаларын іске асыруға уәкілетті органмен келісімшарт жасасуды жүзеге асырады; ҰҒТСО ақпараттық жүйесінде жобаны тіркеу кезінде келісімшарт шеңберінде міндеттемелердің орындалуын бақылау және кеңес беру көмегін көрсетеді; орындалатын жобалар бойынша уәкілетті органға белгіленген заңнамалық тәртіппен есептілік пен есеп жүргізуді, бақылауды және мониторингті қамтамасыз етеді.

6.17 Жоба жетекшісі күнтізбелік жоспарға сәйкес орындаушылардың лауазымдық міндеттерін бөлу мен орындалуын қадағалауды жүзеге асырады, жобаның орындалуы мен ақпаратты, есептілікті конкурс және нормативтік-құқықтық құжаттамаға сәйкес уақытында ұсынуға жауапты болады.

6.18 Қаржы-экономикалық бөлім жобалық қызмет бойынша бухгалтерлік есепті жүргізу, жалақыны есептеу, салықтар мен алымдарды мемлекеттік және жергілікті бюджеттерге, мемлекеттік бюджеттен тыс әлеуметтік қорларға сақтандыру жарналарын, банктік мекемелерге төлемдерді және басқа да төлемдерді есептеу мен аудару жұмыстарын жүргізеді;

## 7 СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ (СҒЗЖ)

7.1 СҒЗЖ – университетте білікті мамандарды даярлаудың міндетті, ажырамас бөлігі болып табылады және ол оқу-тәрбиелік және ғылыми-инновациялық процестердің біртұтас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

7.2 СҒЗЖ студенттер тарапынан курстық, дипломдық жобалар (жұмыстар), оқу жоспарларында қарастырылған өзге де оқу-зерттеу жұмыстары шеңберінде, студенттік ғылыми үйірмелерде, студенттік проблемалық бюроларда, өндірістік жасақтарда және студенттік ғылыми шығармашылықтың басқа да ұйымдарында, сондай-ақ факультеттерде, университеттің ғылыми-зерттеу бөлімшелерінде оқу уақытынан тыс мезгілде жүзеге асырылады.

7.3 Университеттегі СҒЗЖ жүйесін ұйымдастырудың жалпы басшылығы мен жауапкершілігі университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорына жүктеледі. СҒЗЖ-ның орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректорға жүктеледі. Университеттегі СҒЗЖ жүйесінің жұмыс істеуін Ғылыми кеңес, факультет кеңестері және Ғылым және коммерцияландыру департаменті (ҒКД) қамтамасыз етеді.

7.4 Университеттегі СҒЗЖ-ның мақсаты – әрбір студенттің интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамыту құқығын іске асыруына мүмкіндік беретін құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, ресурстық және басқа да жағдайларды жасау.

7.5 СҒЗЖ-ның негізгі міндеттері:

• жастардың ғылыми шығармашылығының түрлі формаларының дамуы мен жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасау. Бұл формалар отандық және шетелдік тәжірибеге, ғылым мен техниканың өзекті бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-техникалық әзірлемелер нәтижелеріне негізделеді. СҒЗЖ формалары «Қосымша Г»-де көрсетілген. Студенттердің ғылыми зерттеулеріне университеттің профессорлары, қауымдастырылған профессорлары және дәріс оқитын оқытушылары жетекшілік етеді.

7.6 Жастардың шығармашылық және ғылыми әлеуетін дамытуға жәрдемдесу мақсатында университетте Студенттік ғылыми қоғам (бұдан әрі – СҒҚ) жұмыс істейді. Университеттің СҒҚ құрамына 6 факультеттің барлығының өкілдері кіреді. Өз кезегінде әр факультетте СҒҚ жұмыс істейді, оның мүшелері студенттік ғылыми үйірмелер мен проблемалық топтар құрамында ғылыми-зерттеу және шығармашылық қызметпен айналысады.

7.7 Факультеттер мен ғылыми зертханаларда студенттер орындайтын ғылыми-зерттеу және жобалық-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге байланысты қажетті материалдық шығындар (жабдық, энергия, материалдар және т.б.) белгіленген тәртіппен университетке келіп түсетін келесі қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады:

- білім беру қызметі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған бюджеттер;
- шарттық жұмыстар мен қызметтерге арналған тапсырыстар;
- және өзге де бюджеттен тыс көздер.

СҒЗЖ жүйесі бойынша ұйымдастыру-бұқаралық іс-шараларды жоспарлау және өткізу университет қаражаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген көздерден қосымша тартылған ресурстар есебінен жүзеге асырылады.

## 8 МАГИСТРАНТТАР МЕН ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ (ҒЗЖ)

8.1 Ғылыми-зерттеу жұмысы магистранттар мен докторанттар тарапынан олардың дайындықтың жеке жоспарларына сәйкес, ғылыми кеңесшінің жетекшілігімен, сондай-ақ факультеттерде, университеттің ғылыми-зерттеу бөлімшелерінде оқу уақытынан тыс мерзімде жүзеге асырылады.

8.2 Кафедралар мен университеттің ғылыми бөлімшелері жүргізетін ҒЗЖ-ның орындаушыларының қатарына енгізілген магистранттар мен докторанттар ғылыми мәселелердің жай-күйі бойынша аналитикалық шолулар құрастырады, ғылыми эксперименттер жүргізеді, алынған нәтижелерді өңдейді, эксперименттік қондырғыларды жобалап, дайындайды, сондай-ақ көрнекі оқу құралдарын, техникалық және басқа да оқыту құралдарын әзірлейді, ҒЗЖ бойынша есептерді дайындауға қатысады.

8.3 Факультет кеңестерінде жылына кемінде бір рет магистранттар мен докторанттардың жеке жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есептері тыңдалады. Жеке жоспарларда қарастырылған негізгі жұмыстардың орындалмауы – факультет кеңесінің шешімімен магистранттар мен докторанттарды оқудан шығару үшін негіз болып табылады.

8.4 Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының қорытындысы және олардың ғылыми дайындығының сапасына қойылатын негізгі критерий – диссертация болып табылады. Жеке жұмыс жоспарларын жүйелі түрде орындамайтын, соның ішінде диссертацияларын белгіленген мерзімде қорғауға ұсынбайтын магистранттар мен докторанттардың ғылыми кеңесшілері факультет кеңесінің ұсынысы бойынша университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен ғылыми жетекшілік (кеңес беру) құқығынан айырылады.

8.5 Жас ғалымдар кеңесі жас ғалымдардың ғылыми белсенділігін арттыруға қолдау көрсетеді және көмек береді. Бұл қолдау – ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге қатысу, әртүрлі ғылыми-инновациялық конкурстар мен жобаларды сүйемелдеу (ІНҚ-ZU-16-04) арқылы жүзеге асырылады.

Диссертациялардың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар ІНҚ-ZU-09-02 және ІНҚ-ZU-09-07 нормативтік құжаттарында көрсетілген.

## 9 ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

9.1 Университетте орындалатын ашық ғылыми-зерттеу жұмыстары қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады. Ғылыми зерттеулерге қызмет көрсетуге және ғылыми-өндірістік қызметтер көрсетуге байланысты жұмыстар мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

9.2 Орындалатын және аяқталған ашық (құпия емес) ғылыми-зерттеу жұмыстарын мемлекеттік тіркеу мен есепке алуды «Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (ҰҒТАО) жүзеге асырады.

9.3 Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлауының негізі — күнтізбелік жылға жасалатын ҒЗЖ жоспары болып табылады (Қосымша В).

9.4 Жеке жұмыс жоспарлары негізінде орындалған ҒЗЖ нәтижелері бойынша (оның ішінде оқытушылардың ғылыми жарияланымдары тізімі — Қосымша А), факультеттер мен ғылыми бөлімшелердің ҒЗЖ жоспарларының белгіленген нысандары (Қосымша В) негізінде Ғылым және коммерцияландыру департаментінің (ҒКД) қызметкерлері қорытынды есеп құрастырады.

9.5 Жоспарлар мен есептерде келтірілген мәліметтердің дұрыстығына жауапкершілікті орындаушылар өз мойнына алады. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері күнтізбелік жылдың соңында, ал студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері оқу жылының соңында университеттің Ғылыми кеңесінде талқылауға жатады. ҒЗЖ бойынша есептер тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде ұсынылуы тиіс.

9.6 ҒЗЖ мен СҒЗЖ жоспарлары мен есептері (Қосымша В, Г) университетте міндетті нормалық бақылаудан (нормоконтроль) өтеді.

Факультеттер мен ғылыми бөлімшелердің ҒЗЖ және СҒЗЖ жоспарлары мен есептері Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректордың, ал университеттің ҒЗЖ және СҒЗЖ жоспарлары мен есептері Басқарма Төрағасы – Ректордың бекітуіне жатады (Қосымша В, Г). Барлық жоспарлар мен есептер факультет кеңестерінің отырыстарында талқыланып, бекітіледі.

## 10 ӨЗГЕРІСТЕР

Ішкі нормативтік құжаттарға (ІНҚ) өзгерістер енгізу, олардың тізбесін бекіту және қабылдау «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

**Қосымша А**

**Ғылыми еңбектер тізімі** ________________________________________

(лауазым анатауы/білім алушы)

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті**

________________________________________

(толық аты-жөні

**20__ - 20__ жылдарға**

| № | Атауы | Баспа басылымы немесе қолжазба | Баспаның атауы: (журнал мақалалары үшін – атауы, жылы, саны, беттері; монографиялар мен оқулықтар үшін – қаласы, баспасы, шыққан жылы, беттері; конференциялар жинағындағы мақалалар үшін – конференция тақырыбы, материалдар жинағы, қаласы, айы, жылы, беттері, авторлық куәліктің нөмірі) | Еңбектің баспа беттік көлемі | Бірлескен авторлардың толық аты-жөні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | |
| 2 | | | | | |
| 3 | | | | | |

**Ізденуші** ________________________________________

**Ғалым хатшы** ________________________________________

**Қосымша Б**

БЕКІТЕМІН
«Іляс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕАҚ
Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор

_______________________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
«____» ____________20 ж.

**АКТ**

Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысының (кезеңінің) оқу үдерісіне енгізілгені туралы

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің комиссиясы төмендегідей құрамда:

Төраға: Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор _____________________ (Т.А.Ә.).

